

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Менің отбасымның құндылықтары және біздің отбасымыздың Тәрбиесі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.10.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/166426/

### Менің отбасымның құндылықтары және Біздің отбасымыздың Тәрбиесі

Менің отбасымның құндылықтары – бұл бізді біріктіретін, қарым-қатынасымызды нығайтатын негізгі принциптер. Біріншіден, сыйластық. Біз әрқайсымыздың пікіріміз бен сезімдерімізді құрметтейміз бұл қағидаларды сақтап жүреміз сондықтан бұл біздің ара-қатынасымызды нығайтады. Екіншіден, адалдық. Ата-анам әрқашан шындықты айту мен бір-бірімізге сенуді үйретті. Үшіншіден, жауапкершілік. Біз өз іс-әрекеттеріміз үшін жауап беруге үйренеміз, бұл бізді тәртіпті және дербес етеді.

Отбасы – адам өмірінің негізін қалайтын, білім мен тәрбиенің алғашқы мектебі.

Ата-анамыз бізге өмірлік тәжірибе мен білім беруге әрдайым назар аударады. Біздің үйде пікірталастар өткізіліп, әркімнің ойы тыңдалады. Бұл әдіс бізді сындарлы ойлауға, өзін-өзі бағалауға үйретеді. Сонымен қатар, бізді шынайы достық, қамқорлық және мейірімділік сияқты қасиеттерге тәрбиелейді. Отбасымызда ең маңыздысы – бір-бірімізге қолдау көрсету, қиындықтарды бірге жеңу және қуаныштарымызбен бөлісу.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.